Қазанның жиырма сегізі
Қысқарған сөздер

6-сынып

Ұйымдастыру кезеңі

Шеңбер болып тұрайық жылы жүзбен,

Бізге келсін қуаныш нұр іздеген.

Шуақ толы жанымыз жүрегіміз,

Үлгі алсын көрген жан мына бізден

I.Миға шабуыл
II. «Сөз-Бәйге!»
III. Жылдам әрі сауатты
IV. «ЖИГСО» әдісі
V. «Кім қысқартқыш?» ойыны
VI. Оқы. Ізден. Талда.
VII. Семантикалық кестемен жұмыс
VIII.Бағалау

Миға шабуыл

1. Сөздер құрамына қарай нешеге бөлінеді?
2. Күрделі сөздер жасалу жағына қарай нешеге бөлінеді?
3. Біріккен сөздің анықтамасы.
4. Біріккен сөз түрлерін ата.
5. Біріккен сөзге мысал келтір.
6. Біріккен сөздерге қандай атаулар жатады.
7. ***Бір ыңғай, бір жола, бір неше*** сөздері қалай жазылады?
8. ***Еш бала, кей уақыт,бір бала*** сөздері қалай жазылады?
9. Қос сөздің түрлерін ата.
10. ***Көзбе-көз*** қос сөздің қай түрі, қалай жасалып тұр?
11. ***Құрбы-құрдас*** қос сөздің қай түрі, қалай жасалып тұр?
12. Қос сөздің қайталама түрі де, қосарлама түрі де қалай жазылады? Қосымшаға қос сөзге қалай жалғанады? (сызықшамен, екінші сыңарына жалғанады).

«Сөз-Бәйге! »
62-жаттығуды тексеру

Жылдам әрі сауатты

киім кешек жора жолдас

казан ошақ уайым қайғы

жоқ жітік қым түйіп

этно мәдени үйіп қуыт

әнкі тәнкі ғылыми көпшілік

«ЖИГСО» әдісі. Мағынаны тану

Р/с Қысқарған сөздердің жасалу жолы	Мысалы	Емлесі
1. Күрделі атау құрамындағы сөздердің бас әріптерінен құралады.	БҰҰ - Біріккен ұлттар Ұйымы ТМД - Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы.	ҚХРмен Қазақстан Республикасы достық қатынаста. Биыл еліміздің көп жастары АҚШ-қа оқуға жолдама алды.
2. Күрделі атау құрамындағы бірінші сөздің басқы буыны мен кейінгі сөздердің бас әріптерінен құралады.	ҚазМИ - Қазақстан медицина институты АлМУ - Алматы мемлекеттік университеті	ҚазТАГ мәлімдеме жасады. Манар ҚазМҰУ-дың филология факультетінде оқиды.
3. Күрделі атаулардың құрамындағы бірінші буындарынанан немесе бірінші сөздің басқы буыны мен келесі сөз тұтас қалпында да бірігіп қолданылады.	атком - аткару комитеті педколледж - педагогикалық колледж	Совхоз, колхоздар жекелендірілді. Мектептің медпунктінде тіс дәрігері балаларды емдейді
4. Техника түрлерінің (ұшақ, машина, трактор т.б.) маркаларын білдіретін шартты белгілер	ГАЗ-51, ТК-154, ИЛ-86, АН-24	Ол ГАЗ-53 көлігімен шөп тасиды. Астанадан Ардақ ТУ -154-пен ұшып келді.
5. Әр түрлі өлшемнің атауы	см, мм, км, га, кг, ц, т	1 кг Бал жинау үшін ара он тоғыз миллион гүлге қонады. 20 км-ден астам жер жүрдік.

Сөйлем ішіндегі берілген сөздерді қысқартып жазу. Әр топқа жеке сөйлемдер беріледі.

1-топ.Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасы достық қатынаста.

2.-топ.Ажар биыл Тараз Мемлекеттік Университетіне оқуға түсуге дайындалып жүр.

3-топ.Ресей Федерациясы ядролық сынаққа біржола тыйым салуды жақтайды.

4-топ.Математика пәнінен үйге сантиметр және дециметрге байланысты мысал есептерді шығарып келуге берді.

Сергіту сәті

Сергіту 'Just Dance Kids'.mp4

Оқы. Изден. Талда. (оқулықтағы 64-жаттығу)

1-топ. Ұлттық тарихи жәдігер туралы түсініктерінді түйіндендер.

2-топ. Біріккен және қысқарған сөздерді тауып жаз. Сол сөздердің толық атауына түсінік беріндер.

3-топ. Мәтіндегі адам аттарын жазып алыңдар. Дереккөздерден олар туралы мәлімет жинандар.

4-топ. Өздерің тұратын аймақтағы тарихи ескерткіштер жөнінде мағлұмат жинап, шағын мәтін жазыңдар.Алаша хан күмбезі.ppt

Өтілген тақырыптарды семантикалық кесте арқылы қорытындылау.

Мысалдар	Біріккен сөз	Қос сөз	Қысқарған сөз
Су-су			
Тасбақа			
Бала-шаға			
ТМД			
Еңбеккүн			
Ұшып-қонды			
Екібастұз			
педучилище			
Дәрі-дәрмек			

Фонетикалық талдау

1-топ. Ескерткіш

2-топ. Мәжіліс

3-топ. Күнтізбе

4-топ. Мәлімет

Бағалау.

Оқушының аты	Миға шабуыл	«Сөз-Бәйге!»	Жылдам әрі сауатты	«ЖИГСО» әдісі	«Кім қысқартқыш»	Оқы. Ізден. Талда.	Талдау жұмыстары	Барлық ұпай саны

Үйге тапсырма: 63-жаттығу «Ізден,тап!»